



**«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ**

БЕКІТІЛДІ

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы»**

АҚ Директорлар кеңесінің

2025 жылғы 02 маусымдағы №9 шешімімен

**ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕККЕ
ҚАБІЛЕТТІЛІГІН МЕРЗІМДІ САҚТАНДЫРУ
ҚАҒИДАЛАРЫНА ӨЗГЕРІС**

Астана қаласы, 2025 жыл

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2025 жылғы «02» маусым	
	Қарыз алушылардың өмірі мен еңбекке қабілеттілігін мерзімді сақтандыру қағидаларына өзгерістер		2-бет, 3-беттің ішінен

Өмірді мерзімді сақтандыру қағидаларына өзгеріс

1. «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2006 жылғы 05 шілдедегі №5 шешімімен бекітілген қарыз алушылардың өмірі мен еңбекке қабілеттілігін мерзімді сақтандыру қағидаларына (бұдан әрі – «МАК» ӨСК АҚ және бұдан әрі – Қағидалар) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1) Қағидалардың 37-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе оны жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім сақтандыру жағдайы басталған кезде барлық қажетті құжаттар алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады. Сақтандыру төлемі оң шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде Сақтандырушының орналасқан жері бойынша Бенефициардың банктік шотына аудару арқылы жүзеге асырылады..

Егер сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді белгіленген мерзімде қабылдау мүмкін болмаса, қосымша ақпарат немесе ұсынылған құжаттарға қатысты қосымша мәліметтер қажет болған жағдайда, ұйым сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімдерін ұзарту қажеттілігінің себептерін түсіндіре отырып, Сақтанушыны (Сақтандырылушыны, Бенефициарды) хабардар етеді..

Бұл ретте Басқарма жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы құжаттарды қараудың түпкілікті мерзімі аяқталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сақтандыру төлемінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.»

2. Осы өзгеріс «МАК» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

